

**2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 418 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 5 сәуірде № 5321 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Петропавл қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Петропавл қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 1 қарашадағы № 1331 (2018 жылғы 14 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланды, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4974 тіркелді) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Петропавл қаласы әкімдігінің білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) әкімдіктің осы қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жариялаған күнінен кейін оны Петропавл қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау осы саланы басқаратын қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

## 2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 26.07.2019 № 1013 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 23.12.2019 № 1831 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

| Мақсаты бойынша топтар                                                                                          | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны |       |                   |       |                                      |                                                        |                                                |      |                                             |      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------|-------|-------------------|-------|--------------------------------------|--------------------------------------------------------|------------------------------------------------|------|---------------------------------------------|------|
|                                                                                                                 | Балабақша                                                               |       | Бөбекжай-бақшалар |       | Дербес толық күндік шағын-орталықтар |                                                        | Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар |      | Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталық |      |
|                                                                                                                 | мемлекеттік                                                             | жеке  | мемлекеттік       | жеке  | мемлекеттік                          | жеке                                                   | мемлекеттік                                    | жеке | мемлекеттік                                 | жеке |
| Жалпы мақсаттағы топтар                                                                                         | -                                                                       | 320   | 4534              | 1696  | -                                    | 738<br>соның ішінде:<br>45 орын<br>жарты күн болатын   | 855                                            | -    | -                                           | -    |
| Санаторлық топтар                                                                                               | -                                                                       | -     | -                 | 170   | -                                    | -                                                      | -                                              | -    | -                                           | -    |
| Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған топтар                                                                | -                                                                       | -     | 149               | 15    | -                                    | -                                                      | -                                              | -    | -                                           | -    |
| Бір айға арналған бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)                                 |                                                                         |       |                   |       |                                      |                                                        |                                                |      |                                             |      |
| Жалпы мақсаттағы топтар                                                                                         | -                                                                       | 27407 | 27407             | 27407 | -                                    | 27407<br>6760<br>орын<br>жарты күн болатын<br>арналған | 25943                                          | -    | -                                           | -    |
| Санаторлық топтар                                                                                               | -                                                                       | -     | -                 | 36201 | -                                    | -                                                      | -                                              | -    | -                                           | -    |
| Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған топтар                                                                | -                                                                       | -     | 40862             | 40862 | -                                    | -                                                      | -                                              | -    | -                                           | -    |
| Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы бір тәрбиеленуші үшін төленетін ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге) |                                                                         |       |                   |       |                                      |                                                        |                                                |      |                                             |      |
|                                                                                                                 |                                                                         |       |                   |       |                                      | 3 жасқа дейін                                          | -                                              |      |                                             |      |

|                                                              |   |                                                   |                                                                          |                                                                                |   |                                                                                            |                                             |   |   |   |
|--------------------------------------------------------------|---|---------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------|---|--------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------|---|---|---|
| Жалпы<br>мақсаттағы<br>топтар                                | - | 3<br>жастан<br>6 (7)<br>жасқа<br>дейін -<br>10435 | 3 жасқа<br>дейін -<br>10435,<br>3 жастан 6 (7) жасқа<br>дейін -<br>13059 | 3 жасқа<br>дейін -<br>10435,<br>3 жастан<br>6 (7)<br>жасқа<br>дейін -<br>13059 | - | 10435,<br>3 жастан<br>6 (7)<br>жасқа<br>дейін -<br>13059<br>жарты<br>күн<br>болумен<br>- 0 | 3 жастан 6 (7)<br>жасқа<br>дейін -<br>11445 | - | - | - |
| Санаторлық<br>топтар                                         | - | -                                                 | -                                                                        | -                                                                              | - | -                                                                                          | -                                           | - | - | - |
| Мүмкіндіктері<br>шектеулі<br>балаларға<br>арналған<br>топтар | - | -                                                 | -                                                                        | -                                                                              | - | -                                                                                          | -                                           | - | - | - |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК